

Теренкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 6/45 ""Теренкөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Теренкөл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 мамырдағы № 4/22 шешімі

Теренкөл аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Теренкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 6/45 ""Теренкөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6449 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Теренкөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінде:

41-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, бас маманмен және мәслихат аппаратының басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысадан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың инtranet-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дереккөр (ақпараттық жүйенің) немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Теренкөл аудандық мәслихат аппаратының басшысына жуктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Теренкөл аудандық мәслихатының хатшысы

С. Баяндінов